

2025-2026 оқу жылы № 1 педагогикалық кеңес

Хаттамасы

Өткізілген күні: 29.08.2025 ж

Қатысқандар: 16 педагог

Күн тәртібі

- 1.2025-2026 оқу жылы балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы
- 2.Жаңа оқу жылына алға қойған мақсат – міндеттерді айқындау.
- 3.Жылдық жұмыс жоспарын талдау.
- 4.Жазғы сауықтандыру-шынықтыру шаралары бойынша педагогтердің есебін тыңдау.
- 5.Тамыз кеңесінде айтылған ой-пікірлерді саралап, биылғы оқу жылының өзгерістерін талқылау.
- 6.Педагогикалық кеңес шешімі.

Тыңдалды:

КМҚК № 171 бөбекжай-балабақша меңгерушісі м.а.Уалиева А.Н. балабақшаның жаңа-оқу жылына дайындығы туралы айтып өтті. 6 қазақ тілді топ 12 тәрбиеші. Әр жас тобының ерекшеліктеріне сай топтарда ойын құралдарымен дамытушы орталар жинақталды. Балалардың қауіпсіздігі үшін шкаф, жиһаздар қабырғаға бекітілді.

Балабақша медбикесі топтардың тазалығын төсек орын таңбалауын бақылып, желдету кварцтау кестелерін жасады.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері, Жылдық жоспарға алынған міндеттемелермен таныстырды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік, жалпыға міндетті стандартын іске асырып, үлгілік оқу бағдарламасына сәкес балаларды тәрбиелеу мен оқытуға «SMART» технологиясын қолдана отырып балалардың жан-жақты, толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін 2025-2026 оқу жылындағы міндеттеме:

«Балалардың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу барысында «STEAM» технологиясын қолдану деп аталынады.

«SMART» тахнологиясын қолдана отырып балалардың зерттеушілік, қиялын арттыру барысында барлық топтарда керексіз заттар, қалдық заттар жинастырылуды.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі жылдық жұмыс жоспарымен таныстырып жылдық жоспарда берілген әр іс-шараға барлық педагог-қызметкерлердің белсенділікпен ат салысып жұмыс атқаруын ескертті. Жылдық жоспар құрылымы туралы және өткізілетін іс-шараларға ата-аналарды шақыру, белсенділіктерін аттыру ескертілді.

Төртінші мәселе: Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының өткізілуі бойынша мамандардың есебі тыңдалды.

Мектепалды тобының тәрбиешісі Ишанова А.Б «Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілетін дамытып, сөздік қорларын молайтудағы үстел үсті ойындарының рөлі –

баяндама оқып, ұжым болып талдады. Педагогтармен жоспардағы жұмыс жүйелі жүргізіліп балабақшаның инстаграм, фейсбук парақшаларында жарияланып отырды.

Бесінші мәселе: «Тамыз кеңесі» кезінде айтылған ой пікірлерге шолу жасап, балабақша меңгерушісі м.а. Уалиева А.Н. педагог-мамандардың өз жұмыстарына жасанды интеллект арқылы жұмыс жасап жаһандану кезеңнен қалмай жұмыс жасауға шақырды.

Балалардың толыққанды дамуы үшін жан-жақты ізденіп жұмыс жасау, шығармашылық біліктілікті арттыру маңызы зор екенін айта отырып, № 1 педагогикалық кеңес шешімімен таныстырып, № 2 педагогикалық кеңеске дейін осы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын тапсырды.

№ 1 Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Балалардың қабілеттерін дамыту барысында педагогикалық ізденіспен жұмыс жасап, топтың заттық-дамытушы орталарын талапқа сай безендіру.
2. Ата-аналармен серіктесе жұмыс жасау арқылы ынтымақтықты арттыру.

Жиналыс төрайымы:

Уалиева А.Н.

Хатшы:

Ибрагимова С.Д.